

## GrCF2 W2 - Алматы қоғамдық электр көлігі

Ел:	ҚАЗАҚСТАН
Жоба нөмірі:	51583
Бизнес секторы:	Еуразия инфрақұрылымы
Хабарлама түрі:	Мемлекеттік
Экологиялық санат:	B
Объект бекіту күні:	12 қазан 2021 ж.
Мәртебесі:	Тұжырымдамасы қарастырылған
Ашық ЖТ:	6 тамыз 2021 ж.

### Жоба сипаттамасы

ЕҚДБ Алматы қаласындағы ("Қала") муниципалды қоғамдық көлік компаниясына "Алматыэлектротранс" ЖШС-не ("Компания") 29 млрд теңгеге (57,4 млн еуро) дейінгі көлемде артықшылықты несие беруді жоспарлап отыр. Несие Компанияның қолданыстағы паркін жаңарту үшін (i) 190-ға дейін қазіргі заманғы энергиялық тиімді троллейбустарды сатып алуды, (ii) троллейбустарға техникалық қызмет көрсету үшін машиналар мен жабдықтарды сатып алуды және (iii) 10-ға дейін қосалқы электр станцияларын қалпына келтіруді қаржыландыру үшін пайдаланылады деп болжануда. Компания Қалаға 100% тиесілі қоғамдық көлік кәсіпорны болып табылады. Қала депо нысандарын қайта жаңартуға және (v) Қаладағы троллейбус инфрақұрылымын жаңғыртуға (iv) 10,9 млрд теңге (21,6 млн еуро) көлемінде гранттық қоса қаржыландыруды ұсынады.

### Жоба мақсаттары

Жоба сапа, сенімділік, тұрақтылық және қоршаған ортаны қорғау, денсаулық және қауіпсіздік стандарттары тұрғысынан Қаладағы қоғамдық көлік қызметтерін жақсартуға бағытталған. Жоба энергия тиімділігін арттыру арқылы парниктік газдар шығарындыларын азайтуға ықпал етеді. Бұл жоба ЕҚДБ-ның Жасыл қалалар негіздемелік бағдарламасы 2 ("ЖҚНБ2") аясындағы "Іске қосу жобасы" болып табылады, оның шеңберінде қаржыландыру туралы келісімдерде Алматы үшін Жасыл қалалар бойынша іс-әрекет жоспарын ("ЖҚІЖ") әзірлеу көзделетін болады.

# Өтпелі кезеңнің әсері

ETI 70

Жоба парниктік газдар шығарындыларын азайту және ЖҚІЖ әзірлеу есебінен көшудің негізгі сапасы ретінде экологияға ерекше назар аудара отырып, Банктің ЖЭК тәсілінің және Жасыл қалалар бағдарламасының өтпелі мақсаттарына толық сәйкес келеді.

Жоба сондай-ақ басқару сапасын арттыруға ықпал етеді, өйткені ол (i) "троллейбус-км" тұжырымдамасын енгізу үшін Компания мен Қала арасындағы Мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған келісімшартқа өзгерістер енгізуді; (ii) Компанияның операциялық рәсімдері мен коммерциялық жағдайын, қызмет көрсету мен экологиялық көрсеткіштерін одан әрі жақсарту үшін Корпоративтік даму бағдарламасын ("ҚДБ") жаңартуды көздейді.

## Клиент туралы ақпарат

"АЛМАТЫЭЛЕКТРОТРАНС" ЖШС

Компания жылына шамамен 160 миллион жолаушы тасымалдайтын 800-ге жуық автобус пен 190 троллейбустың күнделікті жұмысын басқарады (қаланың жалпы жолаушылар ағынының 35%, оның ішінде троллейбуске 10% тиесілі). Компания жалпы ұзындығы шамамен 3000 км және 250 км болатын 57 автобус пен 9 троллейбус желісіне қызмет көрсетеді. Сонымен қатар Компания 4 автобус және 1 троллейбус деполарына ие, оның ішінде жалпы қуаты 55 МВт-тан асатын қолданыстағы 18 қосалқы электр станциясы бар. Қызметкерлердің жалпы саны шамамен 2500 адамды құрайды.

## ЕҚДБ қаржылық мәліметі

29 000 000 000,00 теңге

29 млрд теңгеге (57,4 млн еуро) дейінгі сомаға қамтамасыз етілген артықшылықты несие. Несие Банк, Алматы қаласының әкімдігі ("Қалалық Әкімдік") және Компания арасында қол қойылатын Жобаны қолдау туралы келісіммен ("ЖҚК") қамтамасыз етіледі.

## Жобаның жалпы құны

39 900 000 000,00 теңге

Қала депоны қайта жаңартуға және Қаладағы троллейбус инфрақұрылымын жаңғыртуға 10,9 млрд теңге (21,6 млн еуро) көлемінде ортақ қаржыландыру ұсынады.

## Экологиялық және әлеуметтік түйіндеме

ЕҚДБ-ның 2019 жылға арналған экологиялық және әлеуметтік саясатына ("ЭӨ") сәйкес В санатына жатқызылған. Негізгі ЭӨ әсерлері/қауіптері ЕҚК басқарудың жалпы әлеуеті мен тиімділігін, еңбек, денсаулықты қорғау және қауіпсіздік техникасы, жол қауіпсіздігі саласындағы әдістер мен стандарттарды қамтиды. Экологиялық және әлеуметтік сараптаманы ("ЭӨС") қазіргі уақытта техникалық-экономикалық негіздеме шеңберінде тәуелсіз консультант жүргізеді және

техникалық қызмет көрсету қоймаларына, электр қауіпсіздігі, жол қозғалысы қауіпсіздігі және жүргізушілерді оқыту мәселелеріне, еңбек практикасына, тең мүмкіндіктер мен жынысқа, қалдықтарды басқару мен ескі паркті кәдеге жаратуға, пайдаланушылардың барлық топтары үшін қолжетімділік пен ұтқырлыққа, мүдделі тараптармен өзара іс-әрекет жасауға және шағымдарды қарау тетігіне ерекше назар аудара отырып, Клиенттің қолданыстағы басқару жүйелері мен операцияларының ағымдағы жай-күйін талдауды қамтиды. Сонымен қатар ол жобаға қатысты ЭӘ артықшылықтары мен салдарын талдауды қарастырады. Жобаны ЕҚДБ тиімділік талаптарына сәйкес құрылымдау үшін Экологиялық және әлеуметтік іс-әрекет жоспары, сондай-ақ Мүдделі тараптармен өзара іс-әрекет жоспары әзірленетін болады. Бұл бөлім ЭӘС аяқталғаннан кейін жаңартылады.

## Техникалық ынтымақтастық

### Қол қойылғанға дейін:

- **ТС 1: Жобаны дайындау:** 200 000 еуро; ЕҚДБ акционерлерінің арнайы қоры қаржыландырады("ААҚ").

### Қол қойылғаннан кейін:

- **ТС 2: Жасыл қала іс-әрекет жоспарын әзірлеу:** 300 000 еуро; Австрия үкіметі қаржыландырады.

- **ТС 3: Сатып алуды қолдау:** 400 000 еуроға дейін; халықаралық донор немесе ААҚ қаржыландырады.

- **ТС 4: Корпоративтік даму бағдарламасы:** 150 000 еуроға дейін; халықаралық донор немесе ААҚ қаржыландырады.

- **ТС 5: Жөнелту алдында тексеру:** 150 000 еуроға дейін; халықаралық донор немесе ААҚ қаржыландырады.

## Қосымша

Несие Қазақстандағы бұған дейін болған клиентпен кейінгі мәміле болып саналады (қайталанатын транзакция). Қосымша ақпарат көздеріне келесі компоненттер кіреді: (i) қаржыландыру құрылымы; (ii) тәуекелдерді азайту; (iii) неғұрлым жоғары стандарттарға қол жеткізу үшін қолдау; және (iv) білім, инновациялар және әлеуетті өсіру.

## Компанияның байланыс деректері

Берикхан Мурзакаримов, Бас директор

[press@aet.kz](mailto:press@aet.kz)

+7 (727) 313-27-84

<http://aet.kz/>

Төле би көшесі, 67, Алматы қ., 050000, Қазақстан

## Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: [projectenquiries@ebrd.com](mailto:projectenquiries@ebrd.com) бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты [ЕҚДБ сатып алулары](#) сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email: [procurement@ebrd.com](mailto:procurement@ebrd.com)

## Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды [ЕҚДБ сұраныстар нысанын](#) пайдаланып жолдауға болады.

## Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭЭС)

[ЭЭС](#) және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭЭС пен IAT-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді<sup>7</sup>

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат [ЭЭС](#)-та баяндалған.

## Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӨББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӨББ шешуші рөл атқарады.

КӨББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына [compliance@ebrd.com](mailto:compliance@ebrd.com) электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӨББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

## Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін [Ақпаратқа қолжетімділік саясаты](#) парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты [ЕҚДБ сұраныстар нысанының](#) көмегімен жасауға болады.

## Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

[Экологиялық және әлеуметтік саясаттың](#) талаптарын және осы жобаға жататын [Ақпаратқа қолжетімділік саясатының](#) ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау [Сұранысын тапсыру](#) туралы көбірек мәлімет білу үшін [Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына](#) кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға [ipam@ebrd.com](mailto:ipam@ebrd.com) электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.